



Автор: Амиргалиева Базаргул Орынбаевна

Пән: Химия

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Химиялық байланыс түрлері

Тақырып: «Электртерістілік. Ковалентті байланыс»

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.1.4.1 электртерістілік ұғымы негізінде атомдар арасындағы ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	Электртерістілік ұғымы негізінде атомдар арасындағы ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіреді. Барлық оқушылар: (ортақ мақсаттар) □ ХЭПЖ-дегі элементтердің электртерістігінің өзгеру тенденциясын сипаттайды □ ковалентті байланыстың анықтамасын жаза алады; □ мысалдардан «айқыштар мен нүктелер» диаграммасын қолданып ковалентті байланыстың түзілу механизмін көрсете алады. □ сыртқы қабатты аяқтау үшін атомдар қанша электрон қосып немесе беріп жібере алатындығын анықтай алады; Оқушылардың басым бөлігі:(ортақ мақсаттар қайталанады дамыту бағытындағы 50) □ ХЭПЖ-дегі элементтердің электртерістігінің өзгеру тенденциясын сипаттап, түсіндіреді. □ ковалентті байланыстың анықтамасын жаза алады; □ мысалдардан «айқыштар мен нүктелер» диаграммасын қолданып ковалентті байланыстың түзілу механизмін негіздеп түсіндіреді. □ соңғы энергетикалық деңгейдің электрондармен толуы атомның тұрақты қалыпқа әкелетіндігін түсіндіреді □ Электртерістік негізінде атомдар арасындағы коваленттік байланыстың түзілуін жазып көрсетеді Кейбір оқушылар (ортақ мақсаттар қайталанады дарынды балалар) □ ХЭПЖ-дегі элементтердің электртерістігінің өзгеру тенденциясын сипаттап, түсіндіреді. □ ковалентті байланыстың анықтамасын жаза алады; □ мысалдардан «айқыштар мен нүктелер» диаграммасын қолданып ковалентті байланыстың түзілу механизмін негіздеп түсіндіреді, қосымша мысал келтіреді □ соңғы энергетикалық деңгейдің электрондармен толуы атомның тұрақты қалыпқа әкелетіндігін түсіндіріп, байланыс түрінің сипатын анықтайды □ Электртерістік негізінде атомдар арасындағы коваленттік байланыстың түзілуін жазып көрсетіп, қосымша мысал келтіреді.
Бағалау критерийлері:	Оқушы оқу мақсатына жетеді, егер: □ ХЭПЖ-дегі элементтердің электртерістігінің өзгеру тенденциясын сипаттап, түсіндіре алса □ ковалентті байланыстың анықтамасын жаза алса □ мысалдардан «айқыштар мен нүктелер» диаграммасын қолданып ковалентті байланыстың түзілу механизмін негіздеп түсіндіріп, қосымша мысал келтіре алса □ соңғы энергетикалық деңгейдің электрондармен толуы атомның тұрақты қалыпқа әкелетіндігін түсіндіріп, байланыс түрінің сипатын анықтай алса □ Электртерістік негізінде атомдар арасындағы коваленттік байланыстың түзілуін жазып көрсетіп, қосымша мысал келтіре алса
Пәнаралық байланыс:	Физика

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	Сабақтың түрі: Шопинг сабақ (Қуыршақтармен сауда үйін аралау) Мұғалім әрекеті Оқушылармен амандасу. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сыныптағы ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Сабақта қалыпты жұмыс істеуге мүмкіндік жасау. Сынып бөлмесі сауда үйіне бағытталып безендіріледі. Сабақ дәстүрлі емес «Шопинг» түрінде өткізіледі, яғни балалар сабақ бойына қуыршақтарға арналған сауда үйін аралап, әрбір бутиктегі қуыршаққа арналған киімдердегі тапсырмаларды орындау арқылы өз қуыршақтарына киім сатып алып, киіндіреді. Қай бутикті нешінші араласа да өз еріктерінде бір ғана шарт сабақ соңында қуыршақтары толық киіну керек. Сабақ соңында кассадан чек толеу арқылы шығамыз. Сабақ бойына бутиктерде жазылған киім бағасын чектеріңізге түсіріп отырсыздар. Чектегі барлық соммаңыздың ең жоғарғы көрсеткішіне бүгінгі сабақ сюрпризі бар. Алдымен байланыстыралы білімімізді қалыптастырып алу үшін слайдтағы суретке назараударайық. Проблемалық сұрақ? Суреттен не байқадыңыздар, қандай элементтер бөлмесін көріп тұрсындар? Терезеден сығалап тұрған қандай элементтер? Элементтер қалай отыр, жеке дара отырған элемент барма? Сергіту жаттығуы: Оң қолыңызды сосын сол қолыңызды жоғары алға, артқа, төмен қозғаңыз, оң аяғыңызды, сол аяғыңызды көтеріп тұрыңыз, сосын екі аяғыңызды көтеріп тұрыңыз, не байқадыңыз, қай жаттығу қиын болды, неліктен деп ойлайсындар. Сабақтың тақырыбы мен мақсаты осы сергіту жаттығумен проблемалық сұрақ арқылы оқушылар өздері анықтап алады. Twig сурет көрсету Жаңа тақырыпты түсініп алу үшін bilbimland, Twig видео көрсету №1 Химиялық заттардағы бөлшектерді тұтас қылатын не? Бөлшектерді бірге ұстап тұратын тартылыс күштері байланыстар деп аталады. Барлық бөлшектер бір-бірін белгілі бір аралықта тартады, яғни оларға сол бөлшектерді кері итеру үшін үнемі энергия қажет. Сондықтан заттарды балқыту не қайнату үшін қыздыру керек. Бөлшектердің арасындағы байланыстарды үзу үшін, энергия беру арқылы, оларды бір-бірінен ажыратамыз. №2 Барлық байланыстардың күші бірдей ме? Жоқ. Кейбір байланыстар өте мықты, ал кейбірлері өте әлсіз. Мысалға, темір секілді металдарда, немесе гауһар секілді қатты заттарда байланыстар өте берік, сондықтан олардың балқу температуралары өте жоғары. Олардың бөлшектері арасындағы байланыстарды үзу үшін энергияның орасан мөлшері қажет. Керісінше, гелий газындағы атомдар арасындағы байланыстар өте әлсіз. Бұл байланыстарды үзу үшін энергияның өте аз мөлшері жетеді, сондықтан өте төмен температураға суытқанға дейін гелий газ күйінде қала береді. Бұлардың арасында су секілді заттар бар, олар темір секілді қатты зат емес, және гелий секілді газ емес. Сұйық су бөлшектері арасындағы тартылыс күштері гелий атомдары арасындағы күштерден артық, бірақ темір атомдары арасындағы тартылыс күшінен әлсіздеу болады. Ковалентті байланыс деген не? Ковалентті байланыс, әдетте бейметалл атомдары мен өзге бейметалл атомдары арасында болады. Бейметалдарға көміртегі, сутегі, оттегі, азот, күкірт пен фосфор сияқты элементтер жатады. Ковалентті байланыста бір атомның сыртқы электрондары өзге атомдікімен ауысады, сонда екі атомның электрон қабаттары электронға толы болады. Бөліскен электрондар кейін екі атомның да ядроларымен тартылады; бұл электростатикалық тартылыс ковалентті байланыс деп аталады. Ковалентті байланыс мықты, оны бұзу үшін энергияның едәуір мөлшері қажет. Оттегі O2, азот N2, көмірқышқыл газы CO2, су H2O, және метан CH4 секілді көптеген маңызды кішкене молекулалар ішінара ковалентті байланыс арқылы біріккен. Сондай-ақ, гормондар, ферменттер, гемоглобин, майлар, дәрумендер және ДНҚ секілді ағзамыздағы барлық үлкен молекулалар ковалентті байланыс арқылы байланысқан. Жердегі тіршілік ковалентті байланыссыз мүмкін болмас еді.	
Сабақтың ортасы	№1 бутик: «Көйлектер, костюмдер» 1000 теңге №1 жаттығу №2 жаттығу №2 бутик: «Шалбарлар мен юбкалар» 1000 теңге №3 жаттығу №4 жаттығу №3 бутик: «Кофталар мен жейделер» 1000 теңге №5 жаттығу №6 жаттығу №4 бутик: «Сөмкелер» 1000 теңге №7 жаттығу №8 жаттығу №5 бутик: «Аяқ киімдер» 500 теңге №9 жаттығу №10 жаттығу Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары №6 бутик: «Бас киімдер» 500 теңге Тест жұмысы	

Сабақтың соңы	Кері байланыс: ең жоғары жұлдызға жеттімбе? «Менің жеткен жұлдызым» 4000 3000 2000 1000 Рефлексия Қуыршақтарына ат қою Мысалы: Мен қуыршағыма «Элиза деп ат қоямын.Себебі электртерістілік бұл тақырыпты түсіну үшін маңызды болып табылады сондықтан Элиза деп атап қойдым» Ү/т: Міндетті деңгей №1 – 4 тапсырма оқулықтан Мүмкіндік деңгей: Жұмыс парағы	
---------------	---	--